

**Косшыгулова Алия Сериковнаның  
6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Студенттердің оқу әрекетін өзіндік  
ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары»  
тақырыбындағы диссертациясына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>А.С.Косшыгулованың «Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Қазақстан Республикасының Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы» сияқты мемлекеттік бағдарламалардың басымды бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Докторанттың диссертация тақырыбы: -білім және ғылым саласындағы зерттеулер; -әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер сияқты Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Косшыгулова Алияның диссертациялық жұмысы болашақ мамандардың оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруына қажетті құзыреттіліктерін дамытудың өзекті мәселесін теориялық-эксперименттік тұрғыда негіздеу арқылы

			жоғары білім беру теориясына <u>елеулі үлесін</u> қосады. Докторант педагогикалық-психологиялық еңбектерге теориялық және салыстырмалы талдаудың негізінде «студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру» ұғымына өзіндік анықтамасын берді, оның маңызды сипаттамасын, құрылымын ашып көрсетті. Сонымен қатар авторлық сауалнаманы қамтитын зерттелетін пәнге барабар диагностикалық құралдар кешені негізделді; құрылымдық-мазмұндық модель ұсынылып, оның көрсеткіштері, өлшемдері, деңгейлері анықталды; туындайтын тәуекелдерді ескере отырып, студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары негізделді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	А.С.Косшыгулова диссертациялық жұмысты жазғанда өзі жазу деңгейі жоғары. Себебі докторант ғылыми мәліметтерді жүйелілік, бірізділік, ғылымилық, принциптерін сақтай отырып диссертация мазмұнын түсінікті тілде баяндаған, құрылымдық тұрғыдан талаптарға сәйкес және ішкі бірлікті үйлестіре отырып жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбы бүгінгі күннің сұранысынан туындаған өзекті зерттеу болып табылатындығын автор кіріспе бөлімде көрсетілген бірқатар нормативті құжаттарға сүйене отырып <i>негіздеген</i> . Докторант қазіргі кездегі жаһандық тәуекелдер мен қауіптер контекстінде, сонымен қатар цифрландыру және технологиялық жаңғырту жағдайында студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруының жай-күйі мен оны дамыту шарттарын теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу және оны эмпирикалық зерттеудің қажеттілігін анықтай білген. Өйткені коронавирустық пандемия кезінде және ковидтен кейінгі кезеңде де білім беру процесінің субъектілеріне оқытудың жаңа – онлайн, офлайн және аралас түрлеріне бейімделуі керек болды. Бұл студенттерден өзін-өзі басқарудың және іс-әрекетті өзіндік ұйымдастырудың жоғары деңгейін талап етеді.
		4.2 Диссертация	Диссертацияның бөлімдері зерттеу

	<p>мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>мәселесін жүйелі және дәйекті түрде ашатындықтан диссертацияның мазмұны тақырыпты <i>толығымен айқындайды</i>. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, бірін бірі толықтырып, ашатын үш бөлімнен тұрады. Кіріспеде автор зерттеудің өзектілігін негіздеп, ғылыми аппараты мен кезеңдері келтірілген.</p> <p>«Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың теориялық негіздері» деп аталған 1-бөлімде (16-54 б.) студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру мәселесіне заманауи ғылыми көзқарастардың теориялық талдамасын, ұғымның нақтыланған сипаттамасын, сондай-ақ аралас оқыту жағдайында өзіндік ұйымдастырудың ерекшелігін сипаттаған.</p> <p>«Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту моделі» атты 2-бөлімде (55-91 б.) студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, оны дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын негіздеген.</p> <p>«Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытуға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс» деген 3- бөлім (92-143 б.) студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту бағдарламасын сынақтан өткізу бойынша анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттер нәтижелерін көрсетеді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>«Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» атты диссертация тақырыбы оның анықталған мақсаты мен міндеттеріне толық <i>сәйкес келеді</i>. Диссертация мақсаты студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытуды теориялық негіздеуге және оның бағдарламасын әзірлеп, тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеруге бағытталған. Алға қойған мақсатына жету үшін төмендегідей міндеттерді анықтаған: -студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың теориялық негіздерін айқындау;</p>

			<p>- студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық шарттарды негіздеу;</p> <p>- студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;</p> <p>- студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың бағдарламасын әзірлеу және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында оның тиімділігін тексеру.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) <u>жартылай байланысқан</u>;</p> <p>3) <u>байланыс жоқ</u></p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері логикалық тұрғыда өзара толығымен байланысқан. Автормен анықталып, 3 бөлімде ұсынылған материалдың бірізділікпен баяндалуы диссертацияның ішкі тұтастығын көрсетеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) <u>талдау жартылай жүргізілген</u>;</p> <p>3) <u>талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</u></p>	<p>Жұмыста <u>сыни талдаудың</u> компоненттері, сонымен қатар тұжырымдар мен қорытындыларды шығару барысында диссертация авторының өзіндік жеке пайымдаулары бар. Атап айтсақ, «Іс-әрекетті өздігінен ұйымдастыру» («өзін-өзі реттеу», «іс-әрекетті ұтымды ұйымдастыру», «өзіндік тиімділік», «өзін-өзі басқару») ұғымына жақын негізгі ұғымдарды <u>сыни талдау</u> негізінде «Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруы» ұғымына өзіндік анықтамасы ұсынылған және құрылымның, мазмұнның, көрсеткіштердің, өлшемдердің, даму деңгейлерінің авторлық тұжырымдамасын жасаған.</p> <p>Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту әдістері мен құралдарын анықтау негізінде жұмыстың бағыттарын, кезеңдері мен мазмұнын анықтайтын (мағыналық, белсенділік, рефлексия, синергия, шығармашылық) принциптері дәлелді түрде белгіленді.</p> <p>Автор сыни талдауды және зерттелетін мәселені түсінудің негізінде дәлелді түрде өз шешімін ұсынады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p>	<p>Ғылыми нәтижелер толығымен жаңа. Бірінші нәтиже жаңа себебі автор «Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру» <u>ұғымына</u> авторлық</p>

	<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>анықтама ұсынды (1-бөлім, 1.1-параграф, 30 б.).</p> <p>Екінші нәтиже жаңа. Автор студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың мәні, құрылымы және мазмұнын анықтап, оның психологиялық-педагогикалық шарттарын негізделген. (2-бөлім, 2.1-параграф., -55-73 б.)</p> <p>Үшінші нәтиже жаңа. Өйткені докторант студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін мақсатты, мазмұндық, процессуалдық және бағалау-нәтижелік блоктар жүйесін арқылы ұсынаған. Модель құндылықты-мотивациялық, аффективті-еріктік, когнитивті-рефлексивтік және әрекетті компоненттерден тұрады, оның мазмұнына сай өлшемдер мен көрсеткіштер және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған. (2-бөлім, 2.2-параграф., 74-91б.)</p> <p>4) студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту бағдарламасы әзірленіп, тәжірибелік-экспериментте тексеріліп, оң нәтиже берумен дәлелденген. Сондай-ақ, "Педагогика" пәні бойынша өзіндік жұмысты орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген. Аталған әдістемелік ұсыныстар студенттердің өзіндік ұйымдастыру деңгейін арттыруды ескерген тапсырмаларды, әдістемелік қамтамасыздандырады (3-бөлім, 3.2, 3.3-параграф., 113-331 б.).</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысының жаңашылдығы ешқандай күмән тудырмайды. Жұмыстың негізгі аспектілері ғылыми негізделген, әрі шетелдік: Котова С.С. Формирование компетенций самоорганизации учебно-профессиональной деятельности студентов вузов: автореф. ... канд. пед. наук. – Екатеринбург, 2008.; Ишков А.Д. Учебная деятельность студента: психологические факторы успешности. - М.: Издательство АСВ, 2004г. және отандық; Намазбаева Ж.И. Психологическая служба в вузе: учебное пособие. – Алматы, 2011г.;</p>



			Абылкасымова А. Познавательная самостоятельность в учебной деятельности студента: учебное пособие. - Алматы: Санат, 1998ж. ғалымдардың еңбектеріне, нақты деректерге сілтеме жасай отырып жазылған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Технологиялық және басқару шешімдерінің мәні жаңа және негізделген болып табылады. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың технологиялық шешімдері білім беруді дамытудың қазіргі беталыстарына сәйкес келетін формалар, әдістер мен құралдардың жиынтығын қамтиды және жұмысты әр түрлі формада жүзеге асыруға мүмкіндік береді,
6.	Негізгі, қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды <u>дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Автордың барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан барынша маңызды дәлелдерге негізделген. Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту мәселесін қарастырған ғалымдардың еңбектеріне теориялық және әдіснамалық талдаулар жасау арқылы қамтамасыз етіліп, соның негізінде «студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру» ұғымының авторлық анықтамасы тұжырымдалған; Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі зерттеудің негізі ретінде қабылданған тәсілдемелерге, модель құру, оның блоктарын бөліп көрсету және мазмұнын толықтыру принциптеріне байланысты; Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі диссертанттың практикалық тәжірибені талдауымен, бақылауымен, нормативтік құжаттардың (білім беру бағдарламаларын) талдамасымен, сонымен қатар эмпирикалық зерттеу нәтижелерінің негізінде студенттердің оқу әрекетінің өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық және педагогикалық шарттарын бөліп көрсететіндігімен расталады. Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту бағдарламасының тиімділігін растайтын қалыптастырушы эксперименттің деректерімен расталады.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;  2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;  2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;  2) орташа;  3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;  2) жоқ</p>	<p>Докторант А.С.Косшыгулованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға төрт қағида ұсынды.</p> <p>7.1. Диссертациялық жұмысы бойынша ұсыналған қағидатар теориялық әдістемелік және практикалық зерттеу барысында дәлелденген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Диссертациялық жұмыстың әр бір қағидасы жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең</p> <p>Бірінші қағида- дәлелденген жаңа, қолдану деңгейі кең. Автордың анықтамасы дәлелденді: ол зерттелетін тұлға қасиеттерінің маңызды сипаттамасын көрсетеді, оның құрылымын ашуға және компоненттерін эмпирикалық зерттеуге мүмкіндік береді. Екінші қағида - дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі жоғары. Модельдің белгіленген блоктарының мазмұны: мақсатты, мазмұнды, процедуралық және нәтижелі деген түрлері дәлелденген және эксперименттік зерттеу барысында тексерілген.</p> <p>Үшінші қағида – жаңа, қолдану деңгейі кең, оның бейтривиалдылығы қалыптастырушы экспериментті жүзеге асыру барысында тиімділігі расталған студенттің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары негізінде дәлелденді.</p> <p>Төртінші қағиданың тривиалды еместігі, жаңа, қолдану деңгейі кең екендігі автор әзірлеген студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту бағдарламасының тиімділігі эксперимент барысында расталғандығымен дәлелденді.</p> <p>7.5. Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертант тарапынан жазылған ғылыми мақалаларда жарияланған. 8 мақалада жарық көрген, халықаралық ғылыми конференцияларда дәлелденген.</p> <p>Мысалы: <i>Студенттердің оқу іс-әрекетінің өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары</i>//Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. №1(65)2020, 136-140 б.</p>
----	--	---	---

			<p><i>Психологические особенности самоорганизации учебной деятельности студентов//«Жас ғалым: экономика, құқық, психология және білімнің өзекті мәселелері» Жас ғалымдардың университетаралық жыл сайынғы конференциясының материалдар жинағы. 05.12.2018 СПб:БГИ, 2018. С.19-24.</i></p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	<p>Автор зерттеу жұмысында студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру мәселелерін әр түрлі аспектіде зерттегенін (Я.О.Устинова, А.К.Осницкий, А.В.Смирнов, М.Н.Берулава, А.Д.Ишков, Е.А.Нечаева, В.А.Холонская, С.С.Котова, М.А.Реунова, А.С.Колобанов, M.Boekaerts, P.R. Pintrich, M.Zeidner, Filho de C., Luc G.Pelletier, L.T.Nguyen, M.Ikeda, К.М.Беркимбаев, Н.Б.Жаманқұлова, К.Б.Сматова, Р.Б.Исмайлова, Е.Н.Агранович және т.б.) шетелдік және Қазақстандық ғалымдардың еңбектерін және диссертация мазмұнына сәйкес келетін жүйелік, іс-әрекеттік, субъектілік, құзыреттілік, синергетикалық әдіснамалық тұғырларды басшылыққа алып негіздеген. Әдіснама нақты жазылған және тиімділігі дәлелденген.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін алуда теориялық, эмпирикалық, алынған нәтижелерді өңдеудің математикалық-статистикалық әдістері қолданылған. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау жасалған. Мысалы, талдау, жинақтау, психологиялық-педагогикалық эксперимент; авторлық сауалнама, психологиялық диагностикалық әдістемелер кешені: студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі (А.А.Реан және В.А.Якунин, түрлендірген Н.Ц.Бадмаева); «мағыналы өмірлік бағдарлар» тесті (МӨБ әдістемесі) және т.б. пайдаланылған.</p>
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және аңдылықтар	<p>Теориялық қорытындылар, студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігі, диссертант анықтаған өзара қатынастар мен</p>



		<p>эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>зандылықтар эксперименттік жолмен дәлелденді және расталды.</p> <p>Анықтаушы эксперименттің негізінде диссертант 1-2 курс студенттерінде оқу әрекетін өзіндік ұйымдастырудың төмен деңгейі анықтады, ал 3-4 курсқа қарай студенттердің азғантай бір бөлігі оқу әрекетін өзіндік ұйымдастырудың жоғары деңгейіне жетеді. Сондай-ақ, оқу әрекетін өздігінен реттеудің жеткіліксіз мотивациясы анықталды; өзінің оқу әрекеттерін анық білмеу; өзінің оқу әрекетін рефлексиялаудың төмен деңгейі; оның нәтижелері үшін жеткіліксіз жауапкершіліктері анықталды.</p> <p>Психологиялық-педагогикалық қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері зерттеудің болжамын растады. Құндылық-мотивациялық, когнитивті-рефлексивтік, аффективті-еріктік және әрекеттік компоненттерді дамытудың негізінде оқу әрекетін өзіндік ұйымдастырудың деңгейін арттыру белгіленді.</p> <p>Ұсынылған модель тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелденді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер мен негізгі бағыттардың егжей-тегжейлері өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталды.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Автордың пайдаланылған 264 әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>А.Косшыгулованың диссертациялық жұмысының теориялық маңызы бар, себебі автор еңбегі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- студенттерінің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруының мәнін, құрылымы мен мазмұнын ашу;</li> <li>- студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтап, теориялық тұрғыда негіздеп, сынақтан өткізу;</li> <li>- студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың</li> </ul>

		<p>кұрылымдық-мазмұндық моделін жасау;  - студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту бағдарламасы әзірленіп, тәжірибеге енгізу арқылы оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру теориясына айтарлықтай үлес қоса білді.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:  1) <u>ия</u>;  2) <u>жоқ</u></p>	<p>Алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималдығы айқын, өйткені зерттеу нәтижелері келесідей жұмыстар:  1. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту негіздері бойынша оқу пәндерін жетілдіру;  2. Студенттердің өзін-өзі басқару дағдыларын және олардың оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту және психокоррекциялық жұмыстарды ұйымдастыру;  3. Білім алушылар үшін студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру процесін сүйемелдеуге бағытталған цифрлық бағдарламаларды жетілдіру үшін ерекше мәнге ие.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?  1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;  3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Докторанттың төменде келтірілген практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады:  1. «Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру негіздері», «Өзіндік менеджмент» сияқты оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру дағдыларын дамытуға бағытталған пәндерді ББ-ға енгізген жөн;  2. СӨЖ үшін тапсырмаларды тандау мүмкіндігін беру, біртіндеп күрделендіру, ұйымдастырудың вариативтілігі, өзіндік жұмысты бақылау және бағалаудың негізінде студенттердің өзіндік жұмысын әдістемелік және ұйымдастырушылық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;  3. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытуға қатысты олардың субъектілік ұстанымын дамытуға ықпал ететін online-оқытудың және офлайн-оқытудың тиімді формаларын интеграциялау негізінде аралас оқытуды енгізу;  4. Іс-әрекеттің мағыналылығын дамытуға, өзіндік рефлексияға, өзін-өзі дамытуға ынталандыруға, стресске төзімділікті арттыруға, өзін-өзі реттеуге және т.б. бағытталған тиімді психологиялық әдістерді (коучинг, тренинг, квесттер және т.б.) қолдану</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертант А.Косшыгулованың зерттеу жұмысы ғылыми стильді басшылыққа алып жазылғандықтан академиялық жазу сапасы жоғары.
-----	---------------------------	--	--

**Шешім:** Алия Сериковна Косшыгулованың 6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаарында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

Философия докторы (PhD)

Мирас университеті педагогика және психология секторының білім беру бағдарламаларының менеджері



Д.Б. Ешенкулова



*(Handwritten signature)*